

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 34/195 "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 38 /222 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 сәуірде № 5361 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1 – баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 34/195 шешіміне (2019 жылғы 22 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5197 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер 56 992 мың теңге;
салықтық түсімдер 24 039 мың теңге;
салықтық емес түсімдер 0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 0 мың теңге;
трансферттер түсімі 32 953 мың теңге;
- 2) шығындар 59 867,5 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттер 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу 0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер 0 мың теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) -2 875,5 мың тенге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 2 875,5 мың тенге;
қарыздар түсімі 0 мың тенге;
қарыздарды өтеу 0 мың тенге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары 2 875,5 мың тенге.";

1-1 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-1. Явленка ауылдық округінің бюджетінде қаржылық жылдың басына қалыптасқан қаражаттың бос қалдықтары есебінен 2 875,5 мың теңге сомада шығындар 4 қосымшаға сәйкес қарастырылсын.";

1-2 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-2. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджетінде минималды еңбекақы төлемі көлемінің өзгеруіне байланысты республикалық бюджеттен, Явленка ауылдық округінің бюджетіне азаматтық қызметкерлердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен күтілетін ұйымдар жұмысшыларының, қазыналық кәсіпорындар жұмысшыларының бөлек санаттарының еңбекақы төлемдерін арттыруға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі 1 304 мың теңге сомасында қарастырылсын.

Аталған трансферттерді бөлу "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан обласы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 34/195 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан обласы Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округі әкімінің шешімімен анықталады.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес редакцияда мазмұндалсын;

аталған шешім осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес 4 қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
хатшысы, сессия төрағасы*

А. Бектасова

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
маслихатының 2019 жылғы шешіміне 1 қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
маслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №
34/195 шешіміне 1 қосымша

2019 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Явленка ауылдық округінің бюджеті

				2019 жыл
--	--	--	--	-------------

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	56 992
1			Салықтық түсімдер	24 039
	01		Табыс салығы	13 400
		2	Жеке табыс салығы	13 400
	04		Меншікке салынатын салықтар	10 639
		1	Мүлікке салынатын салықтар	180
		3	Жер салығы	700
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	9 759
4			Трансферттердің түсімдері	32 953
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	32 953
		3	Аудандық бюджеттік трансферттер (облыстық маңызы бар қалалар)	32 953
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	2019 жыл сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	5 986,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	24 205
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округі әкімінің аппараты	24 205
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24 205
07			Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық	1 457,5
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округі әкімінің аппараты	1 457,5
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	4 410
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	722
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	228
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9 219,5
12			Көлік және коммуникация	7 006
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округі әкімінің аппараты	7 006

		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7 006
13			Басқалар	14 077
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округі әкімінің аппараты	14 077
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	14 077
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтермен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржылық активтерді сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 2 875,5
			6) Тапшылық орнын қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану)	2 875,5
			Қарыздар түсімдері	0
			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	2019 жыл сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары	2 875,5
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	2 875,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 875,5

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
маслихатының 2019 жылғы шешіміне 2 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
маслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №
34/195 шешіміне 4 қосымша

2019 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтарын бағыттау

Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге) 2019 жыл

07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2 875,5
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 875,5
		011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	2 875,5
			Барлығы:	2 875,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК